

XX ғасырдың 70 жылдары- қазақ прозасы мен поэзиясының драматургиясының ғана емес, әдеби сынының да жаңа кадрларымен толығып, жаңа белеске шыққан кезеңі. Бұл кездегі әдеби сын өкілдерінің көпшілігі қаламгерлер болатын. Себебі қандай да бір ақын жазушы болмасын, сол кездегі әдеби процеске жіті назар аударып, өз көзқарасын әдеби сын мақалалар арқылы жиі білдіріп отырды. Солардың ең алдыңғы сапында ақын – жазушы, журналист Ә. Жәмішев болғаны белгілі. Ол тек ақын ғана емес, шын мәніндегі сыншы болатын. Өзінің мақалаларын көбінесе қазақ поэзиясына арнады.

70 – 80 жылдардағы әдеби процестердің қандай сипатта болғандығын анықтайтын әдеби сын еңбектері аз емес. Солардың жуан ортасында “Уақыт және қаламгер” деп аталатын ұжымдық жинақ тұрады. Бұл жинақ КПСС Орталық Комитетінің 1972 жылғы әдеби -көркем сын туралы арнаулы қаулысынан кейін, сол қаулыдағы әдеби партиялық, бүкіл халықтық сипатын тереңдету мақсатында жарияланып тұрды. Әр жылы жарық көріп отырған бұл жинақ 26 кітаптан тұрады. Осы жинақтың 20 – ға жуығында Ә.Жәмішевтің сын мақалалары бар. Оның үстіне аталмыш кітаптың алғашқы жинағы құрастырушының бірі де- Ә.Жәмішев.

“Уақыт және қаламгер” жинағына енгізілген мақалаларда Ә.Жәмішев буыны қатпаған жас ақындардың тырнақалды туындыларынан бастап, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ғ.Қайырбеков, Ә.Сарсенбаев, С.Мәуленов секілді ақындардың 70- 80 жылдары жазылған өлеңдеріне де шолу жасап отырды. Мәселен, “Уақыт және қаламгердің” 1976 жылдың 4 – ші кітабына шыққан “Ақын жыры – уақыт сыры” атты мақаласында сол кездегі поэзияның түбірлі мәселелерін сөз етеді.

Ол былай дейді: «Қазіргі қазақ ақындарының бүгінгі поэзиясының табысы, шоқтығы шығыңқы, дәнекері деп күмәнсіз айтып, күдіксіз қабылдарлық жап – жақсы жинақтары, өресі биік дастандары баршылық. Бұлардың көркемдік күші мен әсерлігі мол. Қай жинақты қарасақ та бүгінгі өмірдің сыры мен қырына бай мәселелер көп. Таза махаббат, биік адамгершілік, жақсылық пен жамандық, қуаныш пен күйініш, достық пен қастық табиғаттың заңдылықтарынан болатын туған жер, өскен орта, отау мен орта, шағын шалқыған елім, коммунистік партия, соғыс пен бейбітшілік, адамзат тағдырына толғаныс, міне, жинақтап айтқанда, бәріне де ортақ, бәрінен де табылар тақырыптар осылар» (1;210).

Аталған мақалада Ә.Жәмішев қазақ ақындары өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлер толғаныстарына, жан құбылыстарына осы айтылған мәселелер тұрғысынан келіп, ең алдымен ақынның өмірлік тәжірибесін, көңіл – күйі ауқымында талдауға күш салған. Сыншы көп ақынның сезім түзілісін, ізденіс талпыныстарын, рухани дүниесінің толыса, ширыға түскенін сыншылық зердемен дәл бағалайды. Тұманбай Молдағалиев, Төлеген Айбергенов секілді ақындардың “Махаббат оты сөнбейді”, “Аманат” атты жинақтарына

олардың асыл арманға толы әдемі сезімдерін жіті байқап саралайды. Сондай - ақ бұл мақалада өмірі ерте үзілген талантты ақын Мендікеш Сатыбалдиевтың өлеңдеріндегі туған жер, өскен өлке бейнесін лирикалық кейіпкердің келісті келбетімен жарқыраған жан дүниесін дәл аңғарып эстетикалық көркемдік талап тұрғысынан талдау жасаған.

Әбіраш Жәмішевтің бұл сын мақаласы сол кездегі ақын қыздардың өлең жинақтарын да қалыс қалдырмаған. Сыншы: “Былтыр ақын қыздарымыз жақсы кітаптарымен көзге көрінді. Осылардың ішінде әуелден-ақ өзіне назар аудартқан, ал бұл күнде танымал болған Марфуға Айтқожина таңдамалысы туралы біраз пікір қозғай кеткен жөн»-дей келіп, ақын қыздың жинағындағы лирикалық кейіпкердің нәзік жүрегі, қымбат сезімін, туған өлкенің тағдыры мен адамдармен бірігіп біте қайнасқан жыры мен сыры, қуаныш пен қайғысы, назы мен мұңы, ең алдымен анадай әлдилеген дархан даласының еміренісі жырға жарқырай қосылатынын айтады. Сыншының талдап отырған жинағы “Тастағы таңбалар”. Шындығында да бұл жинақ кері заманның өлке төсінде өксік пен өкініштің зарлы зардаптарын оқырман көзіне елестетеді. Біздің бұл ойымызды Әбіраш Жәмішев былай түйіндейді: “Тастағы таңбалар” аңыздан шындығы, жақсылықтан сұмдығы, серіліктен сергелдені басым, тағдырдан белгі сақтап, туралған туырлықпен түндіктей жұлмаланған ел өмірінен хабар жеткізгендей; жоқтау айтып еңірегендей теңдері түсірілуісіз қалған түйелер боздауын құлаққа әкелердей ауыр ойлар ойға түсіреді. “Қарағым – ай қырға шығып жолыңа қарадым - ай” деп қайырылатын халық әнін ел аузындағы аңыздан тарататын “Қарағым – ай” балладасы да нәзік сырлы саздылығымен, мұндылығымен жүрекке ұялайды,” (1;213).

Сыншы айтқандай, Марфуға Айтқожинаның жинағынан көңіл көншітіп, талғам тұщытып отыратын жас бір леп, өзгеше бір сезім лапылдап тұратын мәңгілік тақырыптар жырлағанын көреміз. М.Айтқожина өзінің өлеңдерін тың бояуларымен қанықтыра түсіп, тосын суреттер мен тынық сырлар әлемін көз алдыңызға әкеледі. Мақалада ақын әйелдің “Көзімнің қарасы” дейтін жинағы да айтылады. Бұл жинақтың махаббат туралы екеніне тоқталады. Сыншы ақын өлеңдеріндегі негізгі ерекшеліктер ретінде байқағыштық пен сергектікті, сезімталдық пен сезімшілдікті атап көрсетеді.

Сыншы Ә.Жәмішев біз талдап отырған мақалада ең жас ақындардың бірі Күләш Ахметованың “Ақ гүлім менің” жинағына да талдау жасайды. Ақын қыздың даланың даналығы, туған өлке ғажайыптары, оның ғажап адамдар өмірін тақырыпқа айналдыруын жоғары бағалайды. Үлкен ізденіс нышаны деп бағалайды. Мақалада атақты ақын Сырбай Мәуленовтің табиғат көріністерін суреттейтін өлеңдеріне көп мағына берген. Әсіресе сыншы “Ұлытау” деген өлеңіне айрықша назар аударады. Ақын өлеңдеріндегі публицистикалық әуендер сол кездегі қазақ поэзиясының дамуына тән тенденцияның бір нышаны ретінде көрсетеді.

Мақаланың тағы бір құндылығы- көптеген сыншылардың назарына түспей қалтарыста қалып келе жатқан ақындардың өлеңдеріне де шолу жасап өтуі. Мақалада сол кездегі жас ақындардың бірі Рафаэль

Ниязбековтың өлеңдеріндегі еркін жазуға деген талабын қатты құптайтынын білдіреді. Бұл жайында ол “Жас автордың албырт жүрегі мен асау қанына жарасатын өлеңдері баршылық. Мәселен, “Ақ дүние – арман жыр құсым” деген өлеңдерінің бірінші бөлігі Қ.Аманжоловқа арналған жырларының бір парасы, ”Қаратау шындары” топтамасының біраз шумақтары, “Темірқазық” жинағындағы көп өлеңдері жып-жылы дүниелер” деп атап көрсетеді, (1;218).

Ә.Жәмішев поэзияның тек жетістіктерін ғана көріп кемшіліктеріне көз жұмып қарайтын сыншы емес. Сондай-ақ ол Р.Ниязбековтың “Қаратау мен Алатау” кітабының кемшіліктерін де санамалап айтып шығады. Мәселен, оның “Біріншіден жас автордың “мен, мен деп кеуде қақпай, көкірек керуі мөлшерден тым асып кетіп, ақылдылықтан гөрі апай төстікке қарай ойыса беруі басым”, - деуі- осы сөзімнің дәлелі.

Бір қызығы Р.Ниязбековтың осы мінезін Ғ.Мүсірепов те қатты сынаған еді. Ол бір жас ақынның

Дүниені тербетіп сен тұрғанда,

Дүниені тербетіп мен тұрғанда

деп келетін өлең жолдарын ұнатпайтын. Мұның асқақ сезім болып табылатынын сынаған болатын. (1;219)

Ә.Жәмішев мақаласының соңында жас ақын Ш.Сариевтің “Теңізден соққан леп”, Оразақын Асқардың “Күнгей”, Қамардин Бектұрсынұлының “Үміт сапары”, Көпбай Рысұлының “Азамат”, Мерғали Ыбыраевтың “Темір тұлпар”, Қимадиден Нығмановтың “Дала шұғыласы” деген жинақтары туралы өз ойларын білдіреді.

Сыншы жас ақындарға поэтикалық ақындық, асқақтық пен лепіrmеліктің, құрғақ уәдешілдіктің, сиымсыз сертшілдіктің арасы аспан мен жердей екенін ескертеді.

Ә.Жәмішев “Уақыт және қаламгер” жинағында әр кездегі кітаптарында қазіргі қазақ әдеби сынының дамуы жайында біраз мақалалар жариялайды. Солардың ішіндегі көрнектісі “Тереңдік, тегеуріндік” деп аталады.

Бұл мақала жинақтың 2-кітабында жарық көрген. Демек сыншы 70 – жылдардың 1 - жартысындағы әдеби сынның даму өрісін сипаттауды мақсат еткен. Сыншының осындай мақала жазуына КПСС Орталық Комитетінің әдеби көркем сын туралы қаулысының әсер еткені сөзсіз. Оның үстіне осы мақала жазулардан сәл бұрын КСРО Жазушылар Одағының басқармасы секретариатының шақыруымен Москва қаласында сыншылардың бүкілодақтық кеңесі өткен болатын. Осы кеңеске Қазақстан Жазушылар Одағының атынан Ә.Жәмішев қатысқан еді. В.М.Озеровтың, Л.Н.Новиченконың “Қазіргі әдеби сынның көкейкесті проблемалары” және белгілі әдебиетші Б.Л.Сучковтың “Социалистік реализм теориясы және қазіргі әдеби процесс” атты мақалалары енген. Бұларда әдеби сынды партиялық жұмыспен неғұрлым тығыз байланыстыру керектігін айтты. Міне, Ә.Жәмішев әдеби сын мақаласында осы мәселелерді басшылыққа алуға тырысқан.

ӘЖәмішев 60-70 жылдары жарық көрген М.Қаратаевтың “Биіктер әлі алда”, Ә.Тәжібаевтың “Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы”, Р.Бердібаевтың “Дәстүр тағлымы”, М.Базарбаевтың “Өлең- сөздің патшасы,сөз сарасы”, Ә.Шәріповтің «Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары » Х.Әдібаевтың“Ғабит Мүсреповтің шеберлігі”,С.Байжановтың «Замандас туралы толғау», Ә.Кекілбаевтың “Дәуірмен бетпе-бет”, Т.Ыдырысовтың “Очерк туралы ойлар” атты еңбектерінің дегенмен де ӘЖәмішевтің көбірек аударған кітабы белгілі журналист С.Байжановтың, З.Шашкиннің творчествосына арналған «Замандастар туралы толғау» деп аталатын монографиясы. Осы монографияны жазуының басты себебін С.Байжанов “З.Шашкиннің творчествосын зерттеудің ғылым үшін, әдебиет үшін бірнеше құнды сипаты бар.З. Шашкин бүкіл өмірін, бар өнерін советтік өмірді жырлауға бағыттаған жазушы. Советтік өмір болғанда оның дәл өзі өмір сүрген кезеңдерінің алдыңғы шебінде елден бұрын қалай барып әрі жемісті нәтижелерге жеткен жазушы” – деп түсіндіреді. Монографияны осылай талдауды мақсат еткен Ә.Жәмішев одан әрі жазушының зерттеуін сала-салаға салып талдауға ойысады. Сыншы монография авторының Қазақстанның әлеуметтік өмірінде, экономикалық және саяси қарым-қатынасында Одақтас халықтардың әлеуметтік психологиясының табиғатында болған күрт бетбұрыстар мен күрделі өзгерістерді бейнелеудегі шеберлігін сүйіспеншілікпен атап айтады. Ол С.Байжановтың “Ұядан ұшқанда” повесі мен “Т.Бокин” атты романның тақырыптық түйіндеріне, көркемдік шешіміне байыпты талдау жасалуына тоқталады. Сыншы былай дейді: “Монографиядағы елеулі бір табыс – жазушы шығармада алға қойылған өмірлік проблемаға назар аударуы. Бұл орайда автор “Теміртау және сенім” романына көбірек көңіл бөліп, тиянақты тоқталған. Сонымен бірге қаламгердің адам бойындағы ұнамды және ұнамсыз сипаттарды көргендегі межесі, адамгершілік қасиеттердің биік таза болуы, ар мөлдірлігі мен сезім тұнықтығын қастерлеуін зерттеуде нақты мысалдарын көз алдымызға әкелінеді” (2;101, 102)

Мақалада Ә.Жәмішев қазақ қаламгерлері қалыптастырған әдеби сындағы жақсы бір дәстүрдің даму сипаттарына да назар аударады. Яғни, ол поэзия тағдыры туралы әңгіме сыншылар мен ақындардың да араласуын үлкен қуаныш санайды. Сол ойын былай жеткізеді: “Бұл - өте құптарлық іс. Әркім өз көңіліндегіні, өз бойындағыны өзгелерден гөрі бұрынырақ та жақсырақ та көре алатын сияқты. Ақын туралы, поэзия туралы ақын айтар пікірлердің мол екенін көзімізбен көріп, көңілімізге түйіп жүрміз”,(2;105).

Теорияны сыншылар айтар, біздің тілейтініміз жазу деп қарайтын ақындар әлі де бар. Дегенмен соңғы жылдары қатты жандану байқалады. Солай болуы керек те ғой. Мәселен, қазіргі орыс ақындарына қарасақ, көбісі да шығарып жатыр. Бізде әдебиет сыны мен зерттеушілеріне бұрыннан ақ Ә.Тәжібаев, одан соң Қ.Бекхожин мен С.Мәуленов жақсы араласып жүрсе, Ж.Әбдірашевтар шындығында да сыншы әдеби сынынан айқын байқалған ерекшелікті дұрыс байқап отыр. Сол кезде бүкіл одақ көлеміне әйгілі бола

бастаған Ә.Кекілбаев “Дәуірмен бетпе-бет 1972)”, Ж.Әбдірашов “Парасат пен парыз (1973)” деп аталатын әдеби сын мақалаларын жариялаған еді. Осы кітаптың екеуінде де сол кездегі жас ақындар творчестволары жан-жақты сөз болған-тын.

Мәселен, Ә.Кекілбаев әлгі аталған кітабында негізінен О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, М. Мақатаев, Ж.Нәжімедінов сияқты ақындар шығармашылығын әдеби тұрғысынан елеп-екшейді. Ал Ж.Әбдірашев те сол аталған ақындардың кейбіреуін сөз ете тұрып, оның қабатына С.Жиенбаев секілді лирик ақынның өлеңдерін де қоса талдайды. Бірақ С.Жиенбаев балалар поэзиясына көбірек назар аударған. Осыны жіті байқаған Ә.Жәмішев аталған сын мақалалардағы бірді-екілі олқылықтар жайын былай дейді: «С.Жиенбаевта нақтылықпен қатар тұрған жалпыламалық, жадағай түйіндемелер әр тұстан ұшырасып қалып отырады. Сондай-ақ ол ақынның әдеби талдауындағы кейбір жетістіктерді де атап өтеді. Біз дейді сыншы: Жас сыншының балалар әдебиетінің хал-ахуалын сөз еткен Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Ө.Нұрғалиев жинақтарындағы сәттілік пен сәтсіздік сырларына неғұрлым батыл, өткірірек зер салмақ ниетін әбден құптаймыз.

Өлеңді неғұрлым жарқылдақ, жалпылдақ сөздерімен сыйымсыз теңеу, одағай эпитеттермен күшті дауысты әріптермен жазылса мықты болады деп ойласа енді бірде сөз неғұрлым жұмбақты буалдыр сағымдай, алдамшы сиқырлы болса, соғұрлым жаңашыл атанасың деп иланатын ақындар адасушылық сырын аша кетер кесімді пікірлер. Оқушыға тек батылдығымен ғана емес, ұстанған принциптерімен ұнайды. (2;107)

Қысқасы, Ә.Жәмішев өзінің сын мақалаларында негізінен қазақ поэзиясының басым қасиеттерін қозғайды.

Әдебиеттер:

1. Уақыт және қаламгер. Алматы, «Жазушы». 1976. 4 кітап.
2. Уақыт және қаламгер. Алматы, «Жазушы». 1974. 2 кітап.

Özet

Bu makalede XX yüzyılın 70 yıllarında A.Camişev'in genç şairlerine yaptığı tenkitler konu edilmiştir.

Resume

Zhamishev's critiques of young poet's work of XXc 70 years is considered in this article.

Резюме

В этой статье рассматриваются критические мнения А.Жамишева о творчестве молодых поэтов 70 годов XX столетия.